

АНА МЕКТЕБІ

АНА МЕКТЕБІ- НІҢ АЙБЫНДЫ ҰСТАЗДАРЫ



Қытай елінде,кәзіргі Үрімжі қаласының іргесіндегі Боғда тауының биік шоқылары арасында мөлдіреп жатқан ғажайып Боғда көлі бар.Қадым замандарда осы Боғда көлінің жағалауында аты аңызға айналған қасиетті Сақ-ана өмір сүріптіҚытайдың бесмың жылдық жазба тарихында Сақ ана туралы да қызықты деректер бар. «Қытайлар осы Сақ-Ана туралы небір тартымды хикаялар,аңыздар таратып,Сақ-Ананың суға жуынатын,аяғын жуатын жерлерін қоршап қолдан жасап та үлгерді...»Біздің жыл санауымыздан бұрын бұл өңірді сақтар, үйсіндер мекендеген.Қытайлар-«Шиу -аң -шу»,яғни «батыс патшаларының анасы»-деп атаған Сақ-ана осы Боғда көлі бойында болған.

Ежелгі қытай жиһангезі Мотиязы осы Сақ-анамен жүздесін, «Сақ-ана» деген жыр қалдырған.(Кей деректетерде Сакиямони аталып жүрген киелі ана осы адам деген де сөз бар.)Б.ж.с.бұрынғы X ғасырдың естелігі ретінде жазбаға түскен бұл жырға берілген түсінікте Мотиянды деген адам кәзіргі Боғда көлі бойында тұрып жатқан Сақ-анаға амандаса келген екен.Сақ ана оны ыстық ықыласымен қарсы алып,үлкен құрмет көрсетіпті.Ол Сақ-анаға арнап екі жыр жазыпты. Біріншісі –«Ақша бұлт»-деп аталыпты.Онда мынандай жыр жолдары бар Жер бетінен көрінер тау сілемі, Ақша бұлттар көк жүзінде қалықтап Аралықты талай таулар бөліп тұр. Білсек егер алыс-ақ жол анықтап Сізге мәңгі ұзақ ғұмыр тілеймін Қайта айналсам абзал еді-ау шарықтап. Бұл,бәлкім,Мотиандының Сақ-анаға көрсеткен ақ тілегі, арнауы болса керек.Осы аты аңызға айналған,Сақ-ананың мекені-Боғда көлі мен Боғда тауы тұрған жер бертін келе Батыс түрік қағанаты мен Шығыс Түрік қағанатының аралық шекарасы болған екенСол үшін бұл жерді сол ежелгі дәуірлерден бері «Ара Түрік»-деп атаған Кәзір де осы жер «Ара Түрік» деп аталады,(Н.Келінбетов.Ежелгі дәуір әдебиеті А.,2005)Сақ Ананы күллі түріктер қауымына ақылғөй дана,аяулы ана,өнегелі-тәлімгер,ұрпаққа қол енбегі, тарих-шежіре,адамгершілік оқуын оқытқан өнерлі ұстаз болғаны белгілі.. Мұны ескерсек, Ана мектебі тарихының тым тереңде жатқаны айқын.



Ұлағатты ұстаз-Тұмар мәлика.Тұмар (Томирис) ханша (ж.ж.с.д. 570-530) — күнгеі түркі сақ халықтарының байырғы заманда ел билеген атақты әйел патшаларының бірі. Грек жазбаларында оның елін «массагет» деп атайды. Тұмар ханша есімінің тарихқа еніп, әлемге танылуы Ахемен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсының әйгілі патшасы Кирдің (ж.ж.с.д. 558 — 530) Орта Азияға басқыншылық жорықпен келген, «жеңілуді білмейді» деп дәріптелген әскерін ашық шайқаста тас талқанын шығарып жеңуімен тікелей байланысты.Мемлекетінің аумағын тойымсыздықпен кеңейте беруді ойлаған Кир патша батыс елдеріне аттанбас бұрын әуелі шығыс жағын қауіпсіз-дендіру мақсатымен күнгеі түркі сақтарды бағындырып алуды көздейді. Сөйтіп түркі сақ еліне елші аттандырып, олардың ханшасы, сол кезде күйеуі өліп жесір отырған Тұмардың (Томириске) өзіне тұрмысқа шығуын сұрайды.Бұл Кирдің түркі сақтармен соғысуға желеу іздеуі еді. Тұмар ханша Кирдің ұсынысын қабылдамай тастайды. Осыны желеу еткен Кир өзінің жау қайдалап жұтынған жаужүрек жауынгерлерін шығысқа қарай қаптатады. Аракс дариясына жетіп, үстінен қалқыма көпірлерді құруды кемелердің кермесінде мұнара қамалдар тұрғызуды әмір етеді. Өздерін жаулап алуға келген парсылардың әр қадамын алыстан бақылап, біліп отырған Тұмар ханша олардың дариядан өту үшін әуреленіп, көпір салғалы жатқанын естіп, Кирге арнайы жаушы жібереді.

– Мидиялықтардың патшасы! дейді жіберген жаушысы арқылы Тұмар ханша Кирге. -Ниетіңнен қайт. Салып жатқан көпірлеріңнің игілігін көрер көрмесіңді өзің де білмейсің. Өнбес істі кума. Өз патша-лығыңа бар да, өз билігіңді жүргізе бер, бізді күндеме. Ал егер алда жалда соғыспай қоймаймын десең, онда көпір салып, уақыт өткізіп, әуре болма. Дарияның біз жақ бетіне шығып соғысамын десең, біз үш күншілік жерге кетіп, жол ашайық, ал дарияның өз жағында соғысамын десең,үш күншілік жерге шегін. Қалауына қарай өзің шеш.Тұмардың ұсынысын Кир әскери кеңеске салады. Біраз пікір таласынан соң, Лидияның бұрынғы патшасы, сол кезде Кирдің қолындағы мырза тұтқын Крездің ақылымен дарияның түркі сақтар жағында соғысуды ұйғарып, шешімдерін Тұмарға хабарлайды. Түркі сақтар уәделерінде тұрып, үш күншілік жерге шегініп кетеді. Олардың кеткеніне анық көз жеткізгеннен кейін Кир бүкіл әскерін дарияның арғы бетіне өткізіп, Крездің үйреткен айласымен түркі сақтардың шабылдаушы тобын алдап қолға түсіріп, түгел қырғынға ұшыратады. Осы шабуылшы топтың басшысы, Тұмар ханшаның ұлы Спарганты (Спарганис) тұтқынға алады. Сүйікті ұлы мен шеп бұзар жауынгерлерінің қайғылы




Алғашқы ұстаздардың бірі-Зарина(Сара) сұлу.(б.з.б. дейінгі V ғасыр) Заринаның қырық қызы.

«Зарина патшалық құрған кезде қырық қыздан тұратын әскер жасақтайды. Қырық қыз ерлерше киінетін болған. Үстеріне сауыт, бастарына дулыға, аяқтарына етік киіп, Зарина патшайымды қорғап жүріпті. Қырық қыздан құрылған атты әскер кез келген уақытта Зарина патшайымды қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтап қалуға тиісті болатын. Бір күні Зарина патшайымды қорғап жүретін қырық қыздың бірі Арнагүл жау тыңшысының қолына түсіп қалады. Отыз тоғыз қыз Арнагүлді іздеп тауға шығады, тоғайды да кезеді. Бірақ таба алмайды. Жау тыңшылары Арнагүлді тұтқындап, қол-аяғын байлап, аузына шүберек тығып, патшасына алып барады.

Зарина патшайым Арнагүлдің жау қолына түскенін сезеді де, оны дереу құтқаруға кіріседі. Жау тылына он екі жасар Тұрханды тыңшы етіп жібереді. Тұрхан ебін тауып, жаудың арасына кіреді. Тар қапаста камалып жатқан Арнагүлді көреді. Зарина патшайымға жетеді. Заринаға Арнагүлді көргенін айтады. Зарина патшайым Тұрханға: «Сен қыздың киімін киіп, Арнагүлге бар, орайын тауып оны босат та, орнына өзің отыр...» – дейді. Тұрхан қыздарша киініп алып, Арнагүл жатқан тар қапасқа барады. Түн ішінде ешкімге көрінбей құлыпты бұзып ішке енеді де, Арнагүлді босатып, оның орнына өзі отырады...» (Ел аузынан). Зарина жастайынан атқа мініп, соғыс өнеріне машықтанған дала сұлуы, патша қызы еді. Бір күндері Зарина соңына нөкер қыз-келіншектерін ертіп, кең далаға аң аулап, көңіл көтеріп қайтуға шығады. Алдынан құланның үйірі қашып, оны қуып, қызықтап, байқаусызда алыстап кетіп қалады. Бір төбеден бір төбеге асып, құлан қуып жүргенде, алдынан қаз-қатар тізілген жау әскері көрінеді. Олар Заринаның әйел екенін танымайды, дулыға киген жас жауынгерді қолға түсіру үшін қоршай бастайды. Зарина өжеттікпен қоршауды бұзып өтеді. Соңынан жау әскерінің көсемі қуады. Бір уақытта Заринаның санына оқ тиіп, жараланып, аттан құлайды. Ақсандап орнынан қайта ұмтыла бергенде, басындағы дулығасы ұшып кетіп, төбесіне түйген қолаң шашы жібектей сусып беліне түседі.





Күгыншы Заринаның әйел екенін білген соң, аттан секіріп түсіп, көмектесіп, көтеріп алады. Ай мен күндей сұлу келіншекті ұнатып қалады. Ол Мидия патшасының баласы Ханзада еді. Ханзада Заринаны бір көріп қайту үшін жиілетіп ұлы сақтар даласына келіп тұратын болады. Бір күні Заринаның күйеуі Мөрмөрдің қолына түсіп қалады. Ол қолындағы тұтқынын өлтірмекші болады. Мидия ханзадасын өлтірсе, екі елдің арасында жанжал туып, соғыс басталатынын сезген Зарина Мөрмөрді райынан қайтарғысы келсе де, күйеуі оған көнбейді. Зарина нөкерін жұмсап, араша түспекші болғанда, тайталасқан Мөрмөр байқаусызда жараланып, ұзамай қансырап өледі. Мидия ханзадасы еліне кетерінде Заринаға сөз салып, бас қоспақ ниетін білдіреді. "Екі патшалықты біріктіріп бір ел болайық",- дейді. Зарина жауабын бірден бермей: "Бір жылдан кейін анығын айтамын",- деп қала береді.

Арада бір жыл өтті. Заринаның да Мидиялық көркем жігітті ұнатып қалған сыңайы бар. Жүрегі лүп-лүп етіп соны ойлайды. Қара көзінде мұң толып, алысқа қарайды. Бір күндері болғанда көп әскермен атқа қонып, Мидияның шекарасына жақындайды. Арғы жақтан Ханзада күтіп тұр екен. Зарина сабырлы, салқындылықпен былай дейді: Армысың, сүйіктім!

-Мен сені ғана ұнатамын. Бірақ әйелің бола алмаймын. Оның себебі, екеуміз қосылсақ, сен хан боласың, мен ханым боламын. Менімен қоса артымдағы елім де саған бағынышты болады. Мен сүйгеніме қосылып, бақытты болғаныммен, елім тәуелсіздігінен айрылып, бақытсыз болады. Мен үшін елімнің еркіндігінен артық ештеңе жоқ. Қош, сүйіктім! Осы сөзді айтып бола бергенде, Заринаның қара көзінен жас тамып кетті. Ханзада да мұңға батып, басын төмен салады. Екеуі:— Қош!— Қош! - десіп, қимай-қимай тарасты. Өз бақытынан ел бақытын артық санаған Зарина сұлудың осы бір оқиғасы кейінгіге аңыз болып қалды. Талай-талай қазақ қыздарына ел намысын жоғары ұстаған Заринаның ерлігі үлгі болады. (Алма Қыраубаева, Ежелгі әдебиет А., 2003)